

**АБЫРОЙ КІЛТІ:  
«АДАЛ АЗАМАТ - АДАЛ  
ЕҢБЕК - АДАЛ ТАБЫСТА»**



**ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ ӘР ҮЙДІҢ  
АУЛАСЫНАН БАСТАЛАДЫ**



**ҚАРАЛЫ СЫРЛАР**



• СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

# ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№68 (3697)  
6 қыркүйек 2024



# газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Францияда өтіп жатқан XVII жазғы Паралимпиада ойындарының жетінші күні Қазақстан құрамасы үшін олжалы болды. Атап айтқанда пара пауэрлифтингтен ерлер арасында 54 кг салмақ дәрежесінде сынға түскен Давид Дегтярев жеңімпаз атанды. Ол бұл жолы 188 кг салмақты еңсеріп, екінші рет Паралимпиада чемпионы атағына ие болды.

Оның командалас серігі Тұрсынай Қабыл әйелдер бәсекесінде 45 кг салмақта 95 кг нәтижемен 6-орыннан көрінді. Сондай-ақ ядро лақтырудан F36 санатында бақ сынаған Дастан Мұқашбеков Азия рекордын жаңартып қола медаль жеңіп алды.

Жалпы Қазақстан құрамасының қоржынына алғашқы медаль жарыстың екінші күні түскен болатын. Оған винтовкамен 10 метрге пара нысана көздеуден R1 класында сынға түскен Еркін Ғаббасов ие болып, күміс жүлдегер атанды.

11 күнге созылатын Паралимпиада ойындарында 22 спорт түрінен әлемнің 4400-дей спортшысы бағын сынауда. Қазақстан құрамасынан 44 спортшы 9 спорт түрінен қатысып жатыр.

Париждегі VII жазғы Паралимпиада ойындарының ашылу рәсімінде Қазақстан туын волейболды отырып ойнаудан ұлттық құрама мүшесі Берік Измағанбетов пен пара нысана көздеуден Севда Әлиева ұстап шыққан болатын. Бауыржан Тахауов жаттықтыратын Б.Измұхамедовтың командалас серіктері бесінші орын алып отыр. Ал SM13 санатында 200 метрге кешенді жүзде бақ сынаған Нұрдәулет Жұмағали 10-орынға тұрақтады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## XVII ПАРАЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АЛТЫН



Берік ҚҰЛТАСОВ,  
Қазақстан Республикасы  
Сот әкімшілігінің Жамбыл облысы  
бойынша департаментінің басшысы:

**«БАРЛЫҚ  
РЕФОРМА  
ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ  
ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ»**



– Берік Сайлауұлы, елімізде сот жұмысын жандандыру, сотқа деген сенімді нығайту айрықша маңызға ие. Бұл ауқымды міндеттен сот жұмысын ұйымдастыру мәселесін де бөліп қарауға болмайды. Осы ретте «Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі» мемлекеттік мекемесі мен оның аумақтық бөлімшелерінің құрылғанынан жұртшылық хабардар. Жаңа құрылым өзіне жүктелген үдеден шығып отыр ма?

– Сот туралы сөз болғанда қарапайым азамат судьяның жұмысын айтары анық. Десек те, судья қызметінің артында көзге көрінбейтін қаншама ұйымдастырушылық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық жұмыс жатқанын көпшілік біле бермейді. Рас, мемлекет атынан төрелік еткен соң істің ақ-қарасын әділ анықтап, тура сөзді айтуға судья жауапты. Ал осы процеске қажетті құжаттарды сауатты әзірлеп, азаматтарды сотқа шақыру, тараптар мен процеске қатысушы өзге тұлғалардың сотқа уақытында келуін, сот отырысы залындағы тәртіпті қадағалап, қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз ету секілді істердің талапқа сай ұйымдастырылуы – Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі мен оның аумақтық бөлімшелерінің құзыретінде. Өзіне жүктелген осы абыройлы істі құрылым өз деңгейінде атқарып келе жатыр деуімізге болады.

Ел Президентінің Жарлығымен 2022 жылдың қыркүйек айында сот жүйесін одан әрі жетілдіру және сот әкімшілігінің тиімділігін арттыру мақсатында Жоғарғы Сот жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің орнына ҚР Сот әкімшілігі мен оның республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардағы 21 аумақтық бөлімшелер департаменттері қайта құрылды.

(Соңы 5-бетте)

• БАСТАМА

## АҚПАРАТТЫҚ ДЕЛДАЛДАР ЖҰМЫСЫ ЗАҢДЫ БОЛУЫ КЕРЕК

Онлайн-сауданың қарқынды өсуінің бүгінде пайдасы мен зияны бірдей болып отыр. Бұл алаңда, әсіресе, зияткерлік меншік құқы жиі бұзылады. Сонымен қатар оның салық заңнамасының сақталмауына да қолайлы орта болып отырған жайы бар. Бұған негізінен маркетплейстер, яғни ақпараттық делдалдар ықпал етуде. Бұл жөнінде Астана қаласында ҚР Әділет министрлігі мен Еуропалық одақтың қолдауымен өткен «Маркетплейстерде зияткерлік меншік құқықтарын қорғау» тақырыбындағы семинарда белгілі болды.

Семинарды ашқан Әділет вице-министрі Боғатөз Жакселекова зияткерлік меншік құқығын қорғаудың өзектілігі мен маңыздылығын атап өтіп, зияткерлік меншік құқығын қамтамасыз етудің негізгі мәселелеріне назар аударған еді. Жакселекова ханымның айтуынша, жалпы Әділет органдарының цифрлық ортада зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау қажеттілігі туралы жүргізген құқықтық түсіндіру жұмыстарының

арқасында бірінші жартыжылдықты 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда тауар таңбаларын тіркеу 49 пайызға артқан. Егер 2023 жылы қаңтар-маусымда тіркелген тауар белгілерінің саны 2 673 болса, биылғы жылдың осы кезеңінде олар 3 982 жетіпті.

Қазіргі таңда маркетплейстердің танымалдығы жағдайында зияткерлік меншік құқықтарын қорғау бизнес пен мемлекет үшін басты міндет-

тердің біріне айналып отыр. Әділет вице-министрі маркетплейстермен бірге жұмыс істеу зияткерлік меншік құқығын бұзылуының алдын алады деген пікірде екен. Бұл әлемдік тәжірибе. Дамыған елдерде маркетплейстер зияткерлік меншік құқы бұзушылықтың алдын алып, тұтынушылар құқын, мемлекет мүддесін қорғауда маңызды рөл ойнайды. Қазақстанда да бұл қызметке осындай талап қойылуы керек.

Жалпы, онлайн саудамен бірге пайда болған маркетплейстер қызметі виртуалды сауда алаңына сатушылар мен сатыпалушыларды жинап, тараптар арасындағы транзакцияны жеңілдететін делдалдар рөлін атқаратын интернет-ресурс. Маркетплейстердің пайда болуы белгілі бір салалар жұмысына жағымды ықпал етуімен қатар, кері де әсерін тигізуде. Оның негізгісі жайлы сөз басында айтқан азаматтардың зияткерлік құқы

мен салық заңнама талаптарын бұзуы. Жиында сөз алған LLM Лондон университетінің түлегі, заңгер Ұлжан Әшімбайдиян айтуына қарағанда, қазіргі таңда Қазақстанда маркетплейстерде зияткерлік меншік құқын тиімді түрде сақтайтын құқықтық тетік жок екен. Олардың міндеттері мен құқықтары да заңнамалық негізде айқындалмаған. Ал, негізінде олар контентті басқарып, оларды алып тастау, оған қолжетімділікті тоқтату мүмкіндігіне ие.

Өкінішке қарай, кейбір маркетплейстер Қазақстан республикасы заңнамаларын сақтауды бақылаудың қандай да бір тетіктерінен және өздеріне хабарланған заңбұзушылықтардың жолын кесуден толықтай бас тартыпты. Маркетплейстердің өзін-өзі реттеуі олардың коммерциялық мүдделеріне қайшы келеді.

(Соңы 4-бетте)

